



**БҰЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

26.08.2020 жылғы  
Нұр-Сұлтан қаласы

№ 237  
город Нур-Султан

**XI Республикалық «Тәуелсіздік толғауы»  
атты жаңа өнер туындыларына арналған  
онлайн-конкурсын өткізу туралы**

«Мәдениет туралы» 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңының 7-бабының 12) тармақшасына сәйкес, сондай-ақ Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойын дайындау және өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссия отырысының 2019 жылғы 30 қазандағы № 19-32-41.5 хаттамасымен бекітілген Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойын дайындау және өткізу жөніндегі жалпыреспубликалық жоспарын және Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойын дайындау және өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссия отырысының 2019 жылғы 2 қарашадағы №19-32-41.6 хаттамасымен бекітілген Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150-жылдық мерейтойын дайындау және өткізу жөніндегі жалпыреспубликалық жоспарын орындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. XI Республикалық «Тәуелсіздік толғауы» атты жаңа өнер туындыларына арналған онлайн-конкурсы (бұдан әрі – Конкурс) өткізілсін.
2. Қоса беріліп отырған Конкурсты өткізу қағидалары бекітілсін.
3. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Мәдениет және өнер істері департаменті Конкурстың жоғары ұйымдастырушылық деңгейде өтуін қамтамасыз етсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт вице-министріне жүктелсін.
5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр



*(Handwritten signature)*

А. Райымқұлова



Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және спорт министрінің  
2020 жылғы 26 тамыздағы  
№ 237 бұйрығымен  
бекітілген

## **XI Республикалық «Тәуелсіздік толғауы» атты жаңа өнер туындыларына арналған онлайн-конкурсының өткізу қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы XI Республикалық «Тәуелсіздік толғауы» атты жаңа өнер туындыларына арналған онлайн-конкурсын өткізу қағидасы (бұдан әрі – Қағида) «Мәдениет туралы» 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 12) тармақшасына, Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойын дайындау және өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссия отырысының 2019 жылғы 30 қазандағы хаттамасымен бекітілген Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойын дайындау және өткізу жөніндегі жалпыреспубликалық жоспарына және Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойын дайындау және өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссия отырысының 2019 жылғы 2 қарашадағы хаттамасымен бекітілген Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойын дайындау және өткізу жөніндегі жалпыреспубликалық жоспарына сәйкес әзірленді және XI Республикалық «Тәуелсіздік толғауы» атты жаңа өнер туындыларына арналған онлайн-конкурсын (бұдан әрі – Конкурс) өткізу тәртібін айқындайды.

2. Конкурс Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойын, Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30-жылдығын мерекелеу және Жамбыл Жабаевтың 175 жылдық мерейтойын мерекелеу аясында өткізіледі.

3. Конкурстың ұйымдастырушысы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі (бұдан әрі – Конкурсты ұйымдастырушы) болып табылады.

### **2-тарау. Конкурстың мақсаты мен міндеттері**

4. Конкурстың мақсаттары мен міндеттері:

1) Абай Құнанбайұлы, Әбу Насыр әл-Фараби мен Жамбыл Жабаевтың бай мұрасын насихаттау;

- 2) өнер туындылары арқылы қазақстандық патриотизм мен ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
- 3) театрлар мен концерт ұйымдарының репертуарларын жаңа туындылармен толықтыру;
- 4) отандық авторларды қолдау.

### 3-тарау. Конкурстың өткізілу тәртібі

5. Конкурс Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында өткізіледі.
  6. Конкурсқа авторлар мен авторлық ұжымдар (бұдан әрі – қатысушылар) қатысады, жас ерекшеліктеріне шектеу жоқ.
  7. Конкурс келесі номинациялар бойынша өткізіледі:
    - 1) «Әбу Насыр әл-Фарабиге немесе Абай Құнанбайұлына немесе Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған үздік музыкалық туынды»;
    - 2) «Абай Құнанбайұлына арналған үздік драматургиялық туынды»;
    - 3) «Абай Құнанбайұлына арналған балалар аудиториясы үшін үздік драматургиялық туынды»;
    - 4) «Абай Құнанбайұлына арналған балалар үшін үздік әдеби туынды»;
    - 5) «Абай Құнанбайұлына арналған үздік поэзиялық туынды»;
    - 6) ««Жыр алыбы – Жамбыл» атты Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына арналған үздік әдеби туынды»;
    - 7) ««Абай әлемі жас суретшілер көзімен» Абай Құнанбайұлына арналған үздік көркем туынды».
  8. Конкурсқа қатысу үшін қатысушылар 2020 жылғы 1 қарашаға дейін осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық түрде ХІ Республикалық «Тәуелсіздік толғауы» атты жаңа өнер туындыларына арналған онлайн-конкурсқа қатысуға өтінімдерді мынадай құжаттар мен материалдарды (бұдан әрі – өтінім) қосымша бере отырып жібереді:
    - 1) PDF форматында жеке тұлғаны куәландыратын құжаттың көшірмесі;
    - 2) шығармашылық өмірбаяны;
    - 3) туындыға құқығы бар екендігін растайтын мемлекеттік тіркеу құжаты (Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы куәлік);
    - 4) қатысушының 13x18 см өлшеміндегі түрлі-түсті фотосуреті (JPEG форматында);
    - 5) Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкте жеке шотының болуы туралы анықтама.
- «Әбу Насыр әл-Фарабиге немесе Абай Құнанбайұлына немесе Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған ең үздік музыкалық

туынды» номинациясына ірі немесе кіші формадағы (хор, симфониялық, камералық және халық оркестрлері) туынды бойынша өтінімге қосымша келесі құжаттар ұсынылады:

- 1) туындының MP3 форматындағы аудиожазбасы;
- 2) партитура және клавир («Finale» немесе «Sibelius» ноталық редакторлар немесе JPEG немесе PDF форматындағы басқа ноталық редакторлар форматында).

«Абай Құнанбайұлына арналған үздік драматургиялық туынды» және «Абай Құнанбайұлына арналған балалар аудиториясы үшін үздік драматургиялық туынды» номинациялары бойынша өтінімге қосымша келесі материалдармен бірге пьеса ұсынылады:

- 1) Word құжатындағы шығарма мәтіні (қаріп – Times New Roman, мөлшері №14, жоларалық интервал – бір жолдық), мәтіннің көлемі 40 беттен аспауы керек;

- 2) туындының MP3 форматындағы аудиожазбасы;
- 3) ұзақтығы 90-120 минут, екі актіден тұратын туынды.

«Абай Құнанбайұлына арналған балаларға арналған үздік әдеби туынды», «Абай Құнанбайұлына арналған үздік поэзиялық туынды», ««Жыр алыбы – Жамбыл» атты Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына арналған үздік әдеби туынды» номинациялары бойынша проза немесе поэзия ұсынылады, өтінімге келесі қосымша құжаттар қоса беріледі:

- 1) Word құжатындағы туындының мәтіні (қаріп – Times New Roman, мөлшері №14, жоларалық интервал – бір жолдық), мәтіннің көлемі 40 беттен аспауы керек;

- 2) MP3 форматындағы әдеби туындының аудиожазбасы.

««Абай әлемі жас суретшілердің көзімен» атты Абай Құнанбайұлына арналған ең үздік көркем туынды» номинациясына туындының графикалық немесе кескіндемелік жанрлары бойынша өтінімге қосымша келесі құжаттар ұсынылады:

- 1) көркем туындының Word құжаттағы аннотациясы;
- 2) көркем туындының электрондық нұсқадағы өлшемі кемінде 40x50 см.

9. Өтінім мен қосымша материалдар электронды поштаға жіберіледі: [tauelsizdiktolgau@mail.ru](mailto:tauelsizdiktolgau@mail.ru). Анықтама үшін телефондары: 8(7172)74-03-70, 74-05-19, 8 777 486 66 66.

10. Конкурсқа қатысу үшін бұрын көпшілік алдында орындалмаған, жарияланбаған және басқа конкурстарға қатыспаған туындылар ұсынылады.

11. Конкурсқа қатысушылар осы Қағиданың 7-тармағында көрсетілген бірнеше номинацияларға бір мезгілде қатыса алады. Әр номинация бойынша бір қатысушы бір туындыдан ұсынады.

12. Конкурсқа ұсынылған туындылар рецензияланбайды және қайтарылмайды.

13. Номинация жеңімпаздары мен лауреаттары дипломдармен, алғыс хаттармен және осы Ереженің 27-тармағына сәйкес ақшалай сыйлықтармен марапатталатын болады.

Номинация жеңімпаздары мен лауреаттарының туындылары Қазақстан Республикасының мәдениет ұйымдары мен шығармашылық бірлестіктерінің репертуарына қосу үшін ұсынылатын болады.

14. Жеңімпаздар мен лауреаттарға дипломдар мен сертификаттарды жіберу, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкте жеке шоттарына төлемдерді аудару Конкурс ұйымдастырушыларымен қамтамасыз етіледі.

15. Конкурстың жеңімпаздары мен лауреаттарын марапаттау салтанаты Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күні қарсаңында Нұр-Сұлтан қаласында онлайн-форматта өтеді. Іс-шараның трансляциясы Конкурс ұйымдастырушысы «QR Mädeniet, sport ministrлігі» YouTube арнасында жарияланады.

#### **4-тарау. Ұйымдастыру комитеті**

16. Конкурсты ұйымдастыру және өткізу үшін осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес құрамда ХІ Республикалық «Тәуелсіздік толғауы» атты жаңа өнер туындыларына арналған онлайн-конкурсын өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеті) құрылады.

17. Конкурсты жарнамалау мақсатында Ұйымдастыру комитеті бұқаралық ақпарат құралдарына баспасөз-релиздерді ұсынады және Қағиданы Конкурс ұйымдастырушының [www.mcs.gov.kz](http://www.mcs.gov.kz) интернет-ресурста орналастырады.

18. Ұйымдастыру комитеті Конкурс дайындау және өткізу барысында туындайтын өзге де ұйымдастыру мәселелерін шешеді.

#### **5-тарау. Конкурстың қазылар алқасы**

19. Шығармаларды бағалау, сондай-ақ қорытындылар шығару және осы Қағидалардың 7-тармағында көрсетілген номинациялар бойынша жеңімпаздар мен лауреаттарды айқындау туралы шешімдер қабылдау үшін осы қағиданың 3-қосымшасына сәйкес ХІ Республикалық «Тәуелсіздік толғауы» атты жаңа өнер туындыларына арналған онлайн-конкурсының әділ-қазылар құрамы (бұдан әрі – Қазылар алқасы) құрылады.

20. Қазылар алқасы:

1) кез келген номинация бойынша лайықты үміткерлер болмаған жағдайда жеңімпазды және лауреатты анықтамауға;

2) Бас жүлдені қоспағанда, бір номинация бойынша бірнеше жеңімпаздар мен лауреаттар болған жағдайда ақшалай сыйақыны бөлуге құқылы.

21. Қазылар алқасы конкурс жеңімпаздарын және лауреаттарын дипломдармен, алғыс хаттармен және ақшалай сыйлықтармен марапаттайды.

22. Қазылар алқасының құрамы, оның төрағасын қоса алғанда, әрбір номинация бойынша жеке тақ саннан құрылады.

23. Қазылар алқасының шешімі көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең бөлінген жағдайда Төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

24. Қазылар алқасының шешімі хаттамамен ресімделеді және оның барлық мүшелері қол қояды.

25. Конкурсты ұйымдастырушысы қарастырылған қаражат шегінде және оның есебінен Қазылар алқасы мүшелеріне қаламақы, Нұр-Сұлтан қаласына бару және кері жол жүру, тамақтану, тұратын жер, Нұр-Сұлтан қаласы бойынша көлікпен жүру шығындарын төлеуді қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік қызметшілер және мемлекеттік ұйымдарда немесе квазимемлекеттік сектор субъектілерінде басқару функциясын орындайтын тұлғалар болып табылатын қазылар мүшелеріне «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабындағы 1-тармағы 3-тармақшасына сәйкес қаламақы төленбейді.

## **6-тарау. Конкурсты қаржыландыру**

26. Конкурсты өткізуді қаржыландыру «2020-2022 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» 2019 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңында көзделген 033 «Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және архив ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» республикалық бюджеттік бағдарламасының 105 «Әлеуметтік маңызы бар және мәдени іс-шаралар өткізу» кіші бағдарламасы шеңберіндегі көзделген қаражат есебінен жүзеге асырылады.

27. Конкурс номинациялары бойынша келесі ақшалай сыйақылар белгіленеді:

Бас жүлде:

1) «Үздік музыкалық туынды» – 750 000 теңге (жеке табыс салығын қоса есептегенде);

2) «Үздік драматургиялық туынды» – 750 000 теңге (жеке табыс салығын қоса есептегенде);

3) «Үздік әдеби туынды» – 750 000 теңге (жеке табыс салығын қоса есептегенде);

4) «Үздік көркем туынды» – 750 000 теңге (жеке табыс салығын қоса есептегенде).

Сондай-ақ әр номинациялар бойынша:

1) «Әбу Насыр әл-Фараби немесе Абай Құнанбайұлына немесе Қазақстан Республикасының 30 жылдығына арналған үздік музыкалық туынды»:

I орын – 500 000 теңге (жеке табыс салығын қоса есептегенде);

- II орын – 400 000 теңге (жеке табыс салығын қоса есептемегенде);  
 III орын – 300 000 теңге (жеке табыс салығын қоса есептемегенде).
- 2) «Абай Құнанбайұлына арналған үздік драматургиялық туынды»:  
 I орын – 500 000 теңге (жеке табыс салығын қоса есептемегенде);  
 II орын – 400 000 теңге (жеке табыс салығын қоса есептемегенде);  
 III орын – 300 000 теңге (жеке табыс салығын қоса есептемегенде).
- 3) «Абай Құнанбайұлына арналған балалар аудиториясына үшін үздік драматургиялық туынды»:  
 I орын – 500 000 теңге (жеке табыс салығын қоса есептемегенде);  
 II орын – 400 000 теңге (жеке табыс салығын қоса есептемегенде);  
 III орын – 300 000 теңге (жеке табыс салығын қоса есептемегенде).
- 4) «Абай Құнанбайұлына арналған үздік балалар үшін әдеби туынды»:  
 I орын – 500 000 теңге (жеке табыс салығын қоса есептемегенде);  
 II орын – 400 000 теңге (жеке табыс салығын қоса есептемегенде);  
 III орын – 300 000 теңге (жеке табыс салығын қоса есептемегенде).
- 5) «Абай Құнанбайұлына арналған үздік поэзиялық туынды»:  
 I орын – 500 000 теңге (жеке табыс салығын қоса есептемегенде);  
 II орын – 400 000 теңге (жеке табыс салығын қоса есептемегенде);  
 III орын – 300 000 теңге (жеке табыс салығын қоса есептемегенде).
- 6) ««Жыр алыбы – Жамбыл» атты Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына арналған үздік әдеби туынды»:  
 I орын – 500 000 теңге (жеке табыс салығын қоса есептемегенде);  
 II орын – 400 000 теңге ((жеке табыс салығын қоса есептемегенде);  
 III орын – 300 000 теңге (жеке табыс салығын қоса есептемегенде).
- 7) ««Абай әлемі жас суретшілер көзімен» Абай Құнанбайұлына арналған үздік көркем туынды»:  
 I орын – 500 000 теңге (жеке табыс салығын қоса есептемегенде);  
 II орын – 400 000 теңге (жеке табыс салығын қоса есептемегенде);  
 III орын – 300 000 теңге (жеке табыс салығын қоса есептемегенде).

### 7-тарау. Қорытынды ережелер

28. Осы Қағидада қарастырылмаған барлық мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

---

ХІ Республикалық  
«Тәуелсіздік толғауы» атты  
жаңа өнер туындыларына арналған  
онлайн-конкурсын өткізу қағидасына  
1-қосымша

НЫСАН

ХІ Республикалық «Тәуелсіздік толғауы» атты жаңа өнер  
туындыларына арналған  
онлайн-конкурсқа қатысуға өтінім

|  |  |
|--|--|
| Тегі, Аты, Әкесінің аты<br>(болған кезде)                          |  |
| Туған күні   |  |
| Қатысушы туралы<br>қосымша ақпарат<br>(жұмыс, оқу орны және т. б.) |  |
| Номинацияның (-лардың)<br>атауы                                    |  |
| Конкурстық туындының<br>(-лардың) атауы                            |  |
| Байланыс анықтамалары:<br>мекен-жайы, телефоны,<br>e-mail          |  |